

**2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы**

***Күшін жойған***

Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 02 сәуірдегі N 120 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2012 жылы 06 сәуірде N 10-8-172 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 03 қаңтардағы N 1 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2013.01.03 N 1 қаулысымен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і :**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Қазақстан Республикасының Заңының 31-бабының 1-тармағының 8-тармақшасына, "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" 2012 жылғы 16 ақпандағы N 561-IV Қазақстан Республикасының Заңының 27-бабына, "Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы N 274 Жарлығына сәйкес, Сырдария ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Сырдария ауданындағы әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе одан босатылуға құқығы жоқ он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және әскерге шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімдерін өткермеген азаматтар 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан - желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізу ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2012.05.07 N 189 қаулысымен.**

2. Аудандық әскерге шақыру комиссиясының құрамы осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес құрылсын.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2012.10.29 N 436 қаулысымен.**

3. Азаматтарды 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында

мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

4. Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының "Сырдария аудандық емханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына (С.Ерімбет, келісім бойынша):

1) Әскерге шақырылушыларды медициналық куәландыруды ұйымдастыру және өткізу үшін білікті дәрігер-мамандар бөлуге ықпал ету;

2) Медициналық комиссияны қажетті дәрі-дәрмектермен, керек жарақтармен және медициналық мүлкімен қамтамасыз ету ұсынылсын.

5. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қызылорда облысы ішкі істер департаментінің Сырдария аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (Т.Бұрханов, келісім бойынша) мерзімді әскери қызметке шақырудан жалтарған адамдарды жеткізуді, сондай-ақ әскерге шақырылушылардың әскери бөлімдерге жөнелтуі және кетуі кезінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету үшін полиция қызметкерлерін бөлу ұсынылсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е. Әжікеновке жүктелсін.

7. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ғ. Әбілтай

" К е л і с і л д і "

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ішкі істер министрлігі Қызылорда облысы  
Ішкі істер департаментінің Сырдария аудандық  
ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің  
бастығы Бұрханов Талғат Темірұлы

"02" сәуір 2012 жыл

" К е л і с і л д і "

Қызылорда облысының денсаулық сақтау  
басқармасының "Сырдария аудандық  
емханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы  
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының  
бас дәрігері Ерімбет Сексенбай Бұқарбайұлы

"02" сәуір 2012 жыл

" К е л і с і л д і "

"Қызылорда облысы Сырдария  
ауданының Қорғаныс істері жөніндегі

бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы  
Утжанов Чингис Кубеевич

"02" сәуір 2012 жыл

2012 жылғы "2" сәуірдегі N 120  
Сырдария ауданы әкімдігінің  
қаулысына N 1 қосымша

### **Аудандық әскерге шақыру комиссиясының құрамы**

**Ескерту. Атауы жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2012.10.29 N 436 қаулысымен.**

Комиссия төрағасы - Сырдария ауданы әкімінің орынбасары;

Комиссия төрағасының орынбасары - "Қызылорда облысы, Сырдария ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы (келісім бойынша);

### **Комиссия мүшелері:**

Комиссия мүшесі - "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қызылорда облысы Ішкі істер департаментінің Сырдария аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары (келісім бойынша);

Комиссия мүшесі, медициналық комиссиясының төрайымы - Қызылорда облысы денсаулық сақтау басқармасының "Сырдария аудандық емханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бас дәрігерінің емдеу ісі бойынша орынбасары, (келісім бойынша);

Комиссия хатшысы - Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының "Сырдария аудандық емханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының мейірбикесі, (келісім бойынша).

2012 жылғы "2" сәуірдегі N 120  
Сырдария ауданы әкімдігінің  
қаулысына N 2 қосымша

**Азаматтарды 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі**

### **КЕСТЕСІ**

	Сәуір





